



БЕКІТІМІН

Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің ректоры

Н.О. Дулатбеков

2024 ж.

Handwritten signature

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің САПА САЯСАТЫ

Сапа саласындағы саясатты қалыптастыру кезінде академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, университеттің миссиясын және «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың 2024-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасын басшылыққа алады.

Сапа саясаты классикалық университеттің көп бейінділігін сақтауға, ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша экономика және әлеуметтік салалар үшін кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін классикалық зерттеу университеті ретінде Buketov University-ді орнықты дамытуға, серпінді ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді, жаңа әлеуметтік-гуманитарлық және шығармашылық жобаларды іске асыруға бағытталған.

Сапа саясатын іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

- Университеттің әлемдік және ұлттық рейтингтердегі позицияларын арттыру;
- Өңір экономикасының нақты секторына технологиялардың тиімді трансферін қамтамасыз ету;
- Іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруды ұлғайту;
- Университеттің жабдықтары мен зерттеу инфрақұрылымын жаңарту;
- Университеттің ғылыми және білім беру қызметіне жетекші шетелдік ғалымдарды тарту;
- Web of Science Core Collection (Clarivate Analytics) және Scopus халықаралық базаларында университет ПОҚ-ының ғылыми мақалаларының дәйексөзділік деңгейінің оң динамикасын қамтамасыз ету;
- Университеттің кадрлық әлеуетін сақтау, нығайту және дамыту;
- Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау және іске асыру, плагиатқа, бұрмалауға және Академиялық этиканың басқа да бұзылуларына нөлдік төзімділік таныту;
- Академиялық ортаны және білім беру қызметтерін ұсыну сапасын жетілдіру;
- Кәсіби стандарттар мен еңбек нарығының қажеттіліктері негізінде білім беру бағдарламаларын жаңарту;
- Қос дипломды білім берудің білім беру бағдарламаларын, жетекші шетелдік

университеттермен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

- Қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін бәсекеге қабілетті түлектерді даярлау; түлектерді жұмысқа орналастыруға, оның ішінде кәсіпкерлік дағдыларды дамыту арқылы жәрдемдесу;
- Университеттің ақпараттық құрылымын цифрлық экожүйеге жаңғырту, университеттің ресурстық базасын кешенді жаңарту;
- Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық, Upgrade-түлектерге арналған кәсіби курстар, біліктілікті арттыру және қайта даярлау, «Күміс университет» сияқты қосымша білім беру бағдарламаларын дамыту;
- Белсенді маркетингтік саясат, рекрутингтік компанияларды ұйымдастыру, оның ішінде шетелдік білім алушыларды қабылдау;
- Студент жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуға тарту, табысты әлеуметтену үшін жағдай жасау, белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру, оның ішінде еріктілер қозғалысын дамыту арқылы;
- Әлеуметтік жұмыс жүйесін дамыту және нығайту, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан білім алушыларды қолдау.

Басшылық университеттің басты мақсатына жетуде қажетті инфрақұрылым мен жағдайлар жасау үшін өзіне міндеттемелер алады және жауапты болады, ұйымның барлық деңгейлерінде осы Саясатты түсінуді, жүргізуді және енгізуді қамтамасыз етеді, тиісті мүдделі тараптар үшін Саясаттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің сапа саласындағы саясаты даму стратегиясының ажырамас элементі және университет қызметінің барлық бағыттарын жоспарлау үшін негіз болып табылады.